

Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаевтың 80 жасқа толуына арналған еске алу шарасының сценарийі

Өтетін уақыты: 21.10.2017 ж., сағат 10.30

Өтетін жері: Ақтау қаласы №7 орта мектеп ғимараты

Мектеп есігінің алды түрлі-түсті шарлармен безендірілген. Тутұғырда Мемлекеттік Ту ілініп тұрады. Мектеп алдына кілем төселген, сазды әуендер беріліп тұрады.

Мектеп алдындағы алаңға шақырылған қонақтар, ардагерлер, мемлекеттік мекемелер басшылары, оқушылар, ата-аналар және БАҚ өкілдері жиналған.

*Маңғыстау облысының әкімі **Е.Тоғжанов** бастаған мәртебелі қонақтар келеді.*

Қонақтар мектепке кіріп ғимараттың үлкен фойесінде орналасқан Н.Ә.Марабаев ескерткішіне (бюст) гүл шоқтарын қойып, Нәсіпқали Әбуғалиұлының мұражайына барады. Мұражай алды шармен безендірілген, есіктің екі жағында ұлттық киім киген қыздар қонақтарды қарсы алып тұрады.

Мұражай ішінде мектеп қызметкері Нәсіпқали Әбуғалиұлына қатысты жәдігерлер туралы қысқаша мағлұмат беріп келушілерді таныстырады. Мұражайдан шыққан соң қонақтар мектеп акт залына келіп, белгіленген орындарға жайғасады.

Фондық күй немесе саз ойналып тұрады

Фанфар. Қазақ биі.

1- Жүргізуші: Қайырлы күн , қадірлі қонақтар, қымбатты ұстаздар, оқушылар!

2- Жүргізуші: Добрый день! Уважаемые гости, дорогие учителя и ученики!

1- Жүргізуші: Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаевтың 80 жасқа толуына арналған салтанатты еске алу шарасына хош келдіңіздер !

2- Жүргізуші: Қазақстанның экономикалық күш қуатының негізі болып отырған мұнай-газ өндірісіне мұнайшылардың қосқан үлесі ұшан теңіз. Еліне осыншама еңбек сіңірген, өздері жүріп өткен жолдарында жаңа өндірістер ашып, жасыл желекке бөленген Ақтау, Жаңаөзендей жаңа қалалар орнатқан мұнай өндірушілердің даңқы бүкіл Қазақстанға әйгілі. Өткен белестер тарихы ертеңімізге қалдырар үкілеген үмітіміз екені ақиқат. Сол даңғыл жолдың дастаны боп жазылар мұнайшылардың бірі емес бірегейі Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаев екені анық.

1- Жүргізуші: Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаев 1937 жылы 20 желтоқсанда қазіргі Атырау қаласында дүниеге келген. 1959 жылы Мәскеу қаласында Губкин атындағы Нефтехимиялық және Газ өндірісі институтын мұнайшы – инженер мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1984-1987 жж КПСС Орталық комитетінің жанындағы қоғамдық ғылым академиясын үздік бітірген.

2- Жүргізуші: Он внес достойный вклад в развитие нефтегазовой отрасли Казахстана. Насипкали Абуғалиевич Марабаев стоял у истоков становления разработки Узеньского месторождения, а в последствии под его руководством пробурено более 4 млн. Метров проходки в Казахстане, это около 4000(тысячи) скважин. Его жизнь – образец служения людям.

Просмотр видеоролика о Н.А.Марабаеве

2- Жүргізуші: Нәсіпқали Әбуғалиұлының өмірлік жары, досы, сүйеніші - Ляйля Оқанқызы. Болашақ жұбайлар 1957 жылы 7 қарашада жерлестер кешінде танысқан еді. Сол кештен басталған сезім ұлы махаббатқа ұласты. 21 желтоқсан 1958 жылы олар отбасын құрды. Содан бері 50 жылдай бірге ғұмыр кешті. Ляйля Оқанқызы қандай істе де жарының қолдаушысы бола білді. Нәсіпқали Әбуғалиұлы мен Ляйля Оқанқызы 2 ұл , 2 қыз өмірге әкеліп тәрбиелеп өсірді. Бүгінгі күні ұлдары мен қыздары тәуелсіз еліміздің іргетасын нығайтып өркендеуі жолында еңбек етіп, әлеуметтік-экономикалық дамуымызға өз үлестерін қосуда.

1-жүргізуші: Сахна төріне Нәсіпқали Әбуғалиұлының өмірлік жолдасы Ляйля Оқанқызын шақырамыз. *(выступление Л.Марабаевой)*

2- Жүргізуші: Для Вас звучит песня «Мы вместе», в исполнении Болотовой Алины

1- Жүргізуші: Из дневника Н.А. Марабаева : «Человек вообще осуществляет себя не тогда, когда реализует свои права, а когда он исполняет свой долг». А человеческий долг состоит в милосердии друг к другу, в уважении матери и старших, в достойном воспитании подрастающего поколения и в любви к Родине. Я хотел бы, чтобы мои дети и внуки периодически, хоть иногда проходились по этим записям и, дай Бог чтобы они послужили им во благо.

2-Жүргізуші: Темір Мыңжас «Маңғыстау деген киелі қазық ат байлар», оқитын 11А сынып оқушысы Гашимов Анар

1- Жүргізуші: Бальный танец в исполнении учеников 11класса

2-Жүргізуші: Омыраудан төмен сорғалап тұрса тер құйып,
Төбеңнен төмен саумалап тұрса күн күйіп,
Осындай күшпен алынса егер әр биік,
Отаным шыққан асулар биік,ар биік

Бұрғышы әнің еді асқақтаған,
Жас кезден құмарланып жаттап қалған.
Түбекте НӘСІПҚАЛИ МАРАБАЕВ
Ала қырға алдымен бастап барған.

Ұлы дүбір,жер үсті, аспан асты,
Жетістік – УУБР-дың бас таңбасы.
Енді,міне,тағы да өрлеп кеттің,
Болған ең озаттардың басқармасы.

1- Жүргізуші: Кюй Мурата Ускенбаева «Жеңіс», исполняет ансамбль домбристов.

2-Жүргізуші: Отрывки из лучших сочинений учащихся школы-лицея №7 «Насипкали Абугалиевич Марабаев – герой нашего времени»

1- Жүргізуші: Когда мы говорим о добрых делах Насипкали Абугалиевича , то, совершенное им хорошее , увеличивается стократно, а затем в виде положительной энергии возвращается к этому человеку, к его детям,внукам. На этом держится мир

2- Жүргізуші: Танец в исполнении 5А класса

1-Жүргізуші: Арқалап ауыр жүгін мың қыстаудың,
Қаласқан ірге тасын сан қыстаудың.
Алқынып алпыс қырдан асып тұрған.
Көтепті қара нары Маңғыстаудың

2-Жүргізуші: Песня в исполнении Гаджиевой Самиры «Туған жер»

1-жүргізуші: 1985 жылы, Нәсіпқали Марабаев Маңғыстау облыстық Атқару комитетінің Төрағасы қызметіне ауыстырылды. Мұнай саласында жинақтаған көп жылдық тәжірибесінің көмегімен, жаңа қызметіне байланысты туындаған күрделі мәселелерді шешу барысында да ол жоғары принципті, өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарау, адамдардың өтініштерін жете түсіне білу

қасиеттерін басты қағидаты етіп ұстап, тұрғындардың зор құрметіне ие болды.

2-жүргізуші: Нәсіпқали Әбуғалиұлы туралы естеліктерімен бөлісу үшін сахнаға **Орал Ақшолақов ағамызды** шақырамыз.

1-жүргізуші: Сіздің назарыңызға **Сақабанова Айнұрдың** орындауында Ғарифолла Құрманғалиевтың «**Еңбек туралы жыр**» әнін ұсынамыз, қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші: Қандай іс болмасын, парасатты да әділ, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін өте қарапайым, кішіпейіл абзал азамат, бүкіл болмысымен баршаға жанашыр қамқоршы, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, биік деңгейдегі қайраткер Нәсіпқали Әбуғалиұлының ел алдындағы еңбегі бағаланып көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталды. 1975 жылы КСРОның "Еңбек Қызыл Ту" Ордені, 1980 жылы екінші мәрте "Еңбек Қызыл Ту" Ордені, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы, 1999 жылы Тәуелсіз Қазақстанның «Құрмет» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды. "Жаңаөзен мұнайына 40 жыл" медалі, АҚШтың Техас штатының құрметті азаматы, Ақтау қаласының құрметті азаматы, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы атақтарының иегері.

1-жүргізуші: Адамгершіліктің ең асыл мұралары әділдік, принципшілдік пен турашылдық, сезімпаздық пен қайырымдылық, қарапайымдылық мен кеңпейілділік сияқты қасиеттерді бойына жинаған асыл азамат, даңқты мұнайшы, қоғам және мемлекет қайраткері Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаевтың 80-жылдығына орай ұйымдастырылған еске алу кеші осымен аяқталды.

Назар аударғандарыңызға рахмет.

Сау болыңыздар!